

eGov.kz электрондық үкіметтің web-сайты арқылы (заңды тұлғалар үшін)
«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ
қашықтықтан ағымдағы шот ашу бойынша
қызмет көрсету шарттары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы eGov.kz электрондық үкіметтің web-сайты арқылы (заңды тұлғалар үшін) «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ қашықтықтан ағымдағы шот ашу бойынша қызмет көрсету шарттары (бұдан әрі – Шарттар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау ережесін бекіту туралы» Қаулысына, eGov.kz (бұдан әрі – Портал) электрондық үкіметтің WEB-сайты және банктің www.vtb-bank.kz сайтында орналастырылған ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартына қосылу арқылы қашықтықтан ағымдағы шотты ашу бойынша «Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ (бұдан әрі – Банк) қызметін пайдалануға ниет білдірген заңды тұлғаларға қызмет көрсету мақсатында, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ-да банктік және өзге операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеге сәйкес жасалған.
2. Шарттар Банкпен белгіленген және Банктің интернет желісіндегі WEB-сайтында мына мекенжай бойынша жарияланған: www.vtb-bank.kz.
3. Шарттар Клиентті Порталда заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (олардың өкілдіктерінің/ филиалдарының есептік тіркеуі) кезінде банкте ағымдағы шот ашуға ниетті заңды тұлғаларға (бұдан әрі – Клиент) арналған.
4. Портал арқылы банкке ағымдағы шотты ашуға өтінімді меншіктің келесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы клиенттер бере алады:
 - 1) Толық серіктестік;
 - 2) Сенімге негізделген серіктестік;
 - 3) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
 - 4) Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
 - 5) Өндірістік кооператив жатады.

2 тарау. Ағымдағы шотты ашу

5. Банк Клиентке Клиентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (олардың өкілдіктерін/ филиалдарын есептік тіркеу) кезінде Порталда электрондық нысанда қалыптастырылған ағымдағы шотты ашуға клиенттің өтінімі (бұдан әрі – Өтінім) негізінде Клиентке ағымдағы шот ашады:
6. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу қызметтерін алу үшін Клиенттен талап етілетін құжаттар тізбесі осы Шарттармен реттелмейді.
7. Осы шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиент ағымдағы шотты мына валюталардың бірінде ашуға құқылы: теңге, АҚШ доллары және еуро.

8. Өтінім беруді клиенттің өтініш берушісі (бас заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе басшысы/қызметкері (филиалдарды тіркеу кезінде)) заңды тұлғаның электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған кезде қашықтықтан жүзеге асырады және оған Клиенттің келісуші құрылтайшылары/бас заңды тұлғаның басшысы (филиалдарды тіркеу кезінде) және өтініш беруші қол қояды.
9. Өтінім бергеннен кейін Банк шартқа Қосылу туралы өтінішті Клиенттің Жеке кабинетіне қол қою үшін жібереді.
10. ЭЦҚ қолдану арқылы шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойылған сәтке дейін Клиент осы талаптармен және банктің сайтында келесі мекенжай бойынша орналасқан ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартының талаптарымен танысады: www.vtb-bank.kz (бұдан әрі – Шарт). Өтініш беруші мен клиент басшысы/бас заңды тұлға басшысы (филиалдарды тіркеу кезінде) ЭЦҚ қолдана отырып, қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы банк клиентінің Шартқа қосылуы.
11. Банк Клиенттің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгемен немесе шетел валютасымен (порталда ұсынылған валюталар тізімінен) ағымдағы шот ашады. Ағымдағы шотты жүргізу валютасы Клиенттің ағымдағы шотты ашуға берген өтінімінде көрсетіледі.
12. Клиенттің атына үшінші тұлғалардың ағымдағы шот ашуы жүзеге асырылмайды.
13. Ағымдағы шотты Портал арқылы қашықтықтан ашуды Банк заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге (олардың өкілдіктерін/ филиалдарын тіркеу) өтініш берген және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес Клиенттерге ғана жүзеге асырады. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын Клиенттермен шарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен банкке қосылу талаптарында тиісті шартқа қосылу жолымен Банк нысаны бойынша ресімделген қағаз нұсқасында өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.
14. Клиент Банктің сұрау салуы бойынша кейіннен банкке FATCA, CRS¹ «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ Заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында (бұдан әрі – Банктің ІШҚ) көзделген қосымша құжаттар мен ақпаратты беруге, сондай-ақ банктің талап етуі бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттігін/азаматтығын) растайтын құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.
15. Клиент Банкке Банктің ІШҚ-да көзделген көлемде және тәртіппен бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді ұсынады.
16. Ағымдағы шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы есептелмейді және төленбейді.
17. Клиенттің өтінім беруі Банк үшін ағымдағы шотты ашу бойынша міндеттеменің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Банк өтінім бойынша шешімді Банктің ІШҚ-на және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдайды.
18. Банк осы шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ағымдағы шотты ашудан бас тартуға құқылы. Шот ашудан бас тартқан жағдайда Клиент іскерлік қарым-қатынас орнату үшін Банкке келу тәртібімен жүгінуге құқылы.
19. Порталда өтінім берілгеннен кейін өтінім автоматты түрде «Заңды тұлғалар» Мемлекеттік деректер қорының ақпараттық жүйесіне өңдеуге беріледі. Өтінімді өңдегеннен кейін Клиент Порталдағы жеке кабинетте өтінімді өңдеу мәртебесімен таныса алады.

¹ CRS – «Есептіліктің жалпы стандарттары (Common Reporting Standard)» туралы заңнама талаптары

20. Клиентке ағымдағы шотты ашу Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда және клиентті тиісінше тексерудің оң нәтижелеріне сәйкес клиенттің өтінімін қарау қорытындылары бойынша банк оң шешім қабылдаған күні жүзеге асырылады.
21. Ағымдағы шотты ашу туралы клиенттің өтінімін қарау қорытындылары бойынша Банк шешімінің нәтижелері туралы (шот ашылды/шот ашудан бас тартылды) Банк Клиенттің банкке өтінім берген күнінен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей порталдағы жеке кабинетте Клиентті хабардар етеді.
22. Банктің Ағымдағы шотты ашу туралы оң шешімі болған жағдайда Клиентке жеке сәйкестендіру коды (шот нөмірі) беріле отырып, Ағымдағы шотты ашу автоматты түрде жүзеге асырылады. Клиент шот нөмірінің деректемелерімен Клиенттің Жеке кабинетінде таныса алады.
23. Ағымдағы шотты қашықтықтан ашқаны үшін банктің комиссиясы алынбайды, шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер үшін комиссия Банктің Тарифтеріне сәйкес алынады. Клиент Банктің Тарифтерімен келесі мекенжай бойынша Банктің сайтында танысады: www.vtb-bank.kz. Клиенттің Банк Тарифтерімен келісімі ЭЦҚ қолдана отырып, Өтінімге қол қою арқылы көрсетіледі.
24. Ағымдағы шот Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және осы Талаптарға сәйкес Клиенттің пайдалануына арналған.
25. Қашықтықтан ашылған ағымдағы шот бойынша Клиент жүзеге асыратын операциялардың тізбесі Банк тарифтерінде көзделген. Бұл ретте, осындай Ағымдағы шот бойынша операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында және Банктің Тарифтерінде көзделген шектеулер ескеріле отырып жүргізіледі. Ағымдағы шот бойынша операцияларды заңнаманың талаптарында айқындалған толық көлемде төлемдер мен төлем жүйелерінде жүргізу клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ШШҚ сәйкес талап етілетін құжаттарды клиентке тиісінше тексеру жүргізу және Банктің олардың дұрыстығын тексеру рәсімін жүргізу үшін Банкке ұсынғаннан кейін (Банктің сұратуы бойынша сканерленген түрде не Банктің офисіне ұсыну жолымен) мүмкін болады.
26. Ағымдағы шот бойынша қолма-қол ақшамен операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес операциялық уақытта банктің филиалдары мен бөлімшелерінің кассаларында (бар болса) жүзеге асырылады.
27. Ағымдағы шоттарды ашу және жабу туралы Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде салық органдарын хабардар етеді.
28. Клиент Қазақстан Республикасының және Банктің ШШҚ заңнамасына сәйкес Банк сұрататын ақпарат пен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк ағымдағы шот бойынша шарт жасасудан/операциялар жүргізуден бас тартуға құқылы.
29. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің ағымдағы шотын біржақты тәртіппен жабуға құқығы бар.
30. Банк Клиенттен алынған қаржылық және басқа ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты (автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және оларсыз) үшінші тұлғаларға беру Клиенттің жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Шартқа және/немесе Шартқа қосылу туралы Өтінішпен мүмкін болады.
31. Егер Клиент қызмет туралы қосымша кеңес алғысы келсе, Клиент Банктің сайтында көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке хабарласа алады: www.vtb-bank.kz.

3 тарау. Шарт талаптары сақталмаған кезде Клиенттің ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат

32. ЭЦҚ арқылы Порталда өтінімге қол қоя отырып, Клиент төмендегі мекенжай бойынша Банктің сайтында орналастырылған осы шарттарды және Шарттың талаптарын, сондай-ақ Шарттардың осы Тарауында сипатталған ықтимал тәуекелдерді толық қабылдайтынын растайды: www.vtb-bank.kz.
33. Клиент жауапты:
- 1) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамағаны/ тиісінше орындамағаны үшін. Егер Шарт талаптарын бұзу үшінші тұлғалар тарапынан Банкке қаржылық талап қоюға әкеп соғатын болса, осының салдарынан Банк шеккен барлық шығындарды Клиент Банктің талап етуі бойынша толық көлемде өтеуге тиіс;
 - 2) Банктің Клиенттің кінәсінен Банкке келтірілген залалды толық көлемде, оның ішінде Банкке негізсіз талап-арыз берілген жағдайда шеккен шығыстары мен сот шығындары жатады;
 - 3) Банкке ұсынылатын құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін, сондай-ақ Банкке жарамсыз және/немесе жалған құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсыну, сондай-ақ Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шарттың талаптарына және/немесе Банктің талаптарына, халықаралық/үкіметаралық келісімдерге және/немесе FATCA, CRS талаптарына сәйкес ұсынылуы талап етілетін құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбау және/немесе уақтылы ұсынбау нәтижесінде туындайтын барлық залалдар мен тәуекелдер үшін;
 - 4) Ағымдағы шот бойынша операциялар жасау және/немесе өзге де Қызметтерді алу жөніндегі өкімдердің (нұсқаулардың) заңдылығы үшін, оның ішінде Ағымдағы шот бойынша жасалатын операциялардың оның жарғылық қызметіне сәйкестігі үшін, сондай-ақ Банкке ұсынылатын Ағымдағы шотты ашу, жүргізу және жабу үшін негіз болатын құжаттардың және/немесе мәліметтердің дұрыстығы үшін Клиент жауапты болады;
 - 5) уәкілетті тұлғалар² туралы мәліметтерді беру жөніндегі міндетті Шартта көзделген мөлшерде айыппұл түрінде орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Клиент Банктің талап етуі бойынша шеккен барлық шығындарды/шығыстарды өтеуге міндеттенеді;
 - 6) Клиент – заңды тұлғаның Клиенттің³ деректемелерінің/деректерінің өзгергені туралы Банкке Шартта айқындалған мөлшерде айыппұл түрінде хабарлама жасау жөніндегі міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін,

² Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тиісті түрде ресімделген сенімхатқа сәйкес Ағымдағы шотқа иелік етуге/және/немесе ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті адамдар ауыстырылған не олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған (олармен шарттық және өзге де қатынастар тоқтатылған) кезде Клиент осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, бұл туралы Банкке жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді. Олай болмаған жағдайда Банк ағымдағы шотқа билік етуге, сенімхат негізінде Ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды. Банкке Ағымдағы шотқа билік етуге/және/немесе Ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғаларда тиісті өкілеттіктердің болуын растайтын құжаттарды ұсынған сәтке дейін Банкке Клиенттің төлем құжаттарын бермеуге/өкілеттіктері Банкке расталмаған тұлғалар қол қойған үзінді көшірмелер мен өзге де құжаттарды сұрамауға;

³ Клиент күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде, ал Ағымдағы шот бойынша операцияны жүргізген кезде – төлем/операцияны жүргізген күні Банкке БСН/ЖСН деректері атауының, қызмет түрінің, тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді, – тиісті түрде куәландырылған құжаттарды ұсына отырып, Банк белгілеген нысан бойынша өтініш беру арқылы, сондай-ақ азаматтықты, салық резиденттігін, Клиенттің АҚШ тұлғасына тиесілігін/болмауын растайтын өзге де белгілерді, CRS тұрғылықты/тіркелген жерінің мекенжайын, телефон нөмірлерін өзгерту туралы, төлем құжаттарына қол қоюға құқығы бар адамдарды ауыстыру туралы, Банкке ұсынылған басқа да деректерді тиісті жазбаша хабарлама және/немесе Банк белгілеген нысан бойынша өтініш беру арқылы, тиісті түрде куәландырылған құжаттарды ұсынады. Бұл ретте Банк ағымдағы шотты ашу және/немесе жүргізу үшін клиент бұрын ұсынған құжаттарды қайтармайды.

сондай-ақ Клиент соңғысының талап етуі бойынша Банк шеккен барлық шығындарды/шығыстарды өтеуге міндеттенеді;

- 7) Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген операциялар (оның ішінде орындалған төлем құжаттары) туралы Банкті хабардар ету жөніндегі міндетті Шартта көзделген мерзімде, шартта айқындалған мөлшерде өсімпұл түрінде орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Клиент Банктің соңғысының талап етуі бойынша шеккен шығындары мен залалдарын Банкке өтейді;
- 8) Шартқа сәйкес Банк ұсынатын Қызметтерге ақы төлеу үшін Шартта айқындалған мөлшерде өсімпұл түрінде ақшаны Банктің пайдасына алып қоюдың мүмкін еместігі үшін;
- 9) корреспондент-банктің (контрагент-банктің) АҚШ-тың салық қызметінің пайдасына АҚШ-тағы көздерден түсетін табыстарға (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, оның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім, сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) байланысты Клиенттің нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын Банктің төлем/операция сомасының 30% мөлшеріндегі салықты ұстауы нәтижесінде Банк шеккен және/немесе клиенттің нұсқауы бойынша Банк FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе клиенттің, корреспондент-банктің (контрагент-банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын, ал аударылатын қаражат көзі-АҚШ-қа байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін кіріс, не егер мұндай төлемді/операцияны Банк өзінің резиденттік мәртебесін (салықтық резиденттігін, АҚШ-тың жеке басына тиесілігін/тиесілі еместігін растайтын өзге де белгілерді) хабарлаудан бас тартқан не соңғысының талап етуі бойынша толық емес/анық емес мәліметтерді бергені үшін.

34. Шарт талаптарын сақтамаған кезде Клиенттің ықтимал тәуекелдері:

- 1) Банк ақпаратты (Банктің (не Банкпен бірлесіп үшінші тұлғалардың) қызметтері/өнімдері/акциялары туралы ақпараттық хабарламаларды және/немесе жарнамалық сипаттағы хабарламаларды, оның ішінде дербес деректерді алуға/жіберуге Клиенттің алдын ала алған келісімі бойынша) ашық байланыс арналары арқылы беруді жүзеге асырған жағдайда, Клиент оны (оларды) үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелімен танысқанын және оның бар екенін түсінетінін растайды және осындай тәуекелге барады;
- 2) ол FATCA⁴ талаптарын сақтамаған кезде, оның ішінде Клиент Банк сұратқан құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбаған/толық емес/дәйексіз құжаттарды/мәліметтерді ұсынған жағдайда, корреспондент банктің (клиентке қосымша келісім және хабарлама алмастан) АҚШ-тағы көздерден кіріс алу болып табылатын төлем/операция сомасының (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, оның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түсетін түсім, сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) 30% мөлшеріндегі салықты АҚШ салық қызметінің пайдасына ұстап қалу тәуекелі, FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе корреспондент Банктің (контрагент Банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға, ал аударылатын қаражат көзі болып табылатын тұлғаның шотына аударылатын – АҚШ-қа байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін табыс, не егер

⁴ FATCA – АҚШ-тың шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы заңы, ол шетелдік қаржы институттарында (АҚШ қаржы институттарынан басқа) ашылған банктік шоттарға ие болатын американдық салық төлеушілермен салықтарды төлеуден жалтаруға қарсы іс-әрекетке бағытталды.

мұндай төлемді/операцияны өзінің резиденттік мәртебесін (азаматтығы, салықтық резиденттігі, АҚШ-тың тұлғасы⁵ тиесілігін/тиесілі еместігін растайтын өзге де белгілер) хабарлаудан бас тартқан не толық емес/дұрыс емес мәліметтер ұсынған Клиент жүзеге асыратын болса.

4 тарау. Қорытынды ережелер

35. Клиент пен Банк арасындағы банктік қызметті алуға байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Клиент пен Банк келіссөздер арқылы туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келісімге келмесе, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасының соттарында реттелуге жатады.

Банктің мекенжайлары мен деректемелері келесі сілтеме бойынша орналасқан:
<https://www.vtb-bank.kz/about/offices/>

Уәкілетті органның мекенжайлары мен деректемелері: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі: 050090, Алматы қ., Көктем-3 ш/а, 21 үй.

⁵ АҚШ-тың тұлғасы (АҚШ-тың белгілі тұлғасы) – Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың немесе штаттардың бірінің заңдарына сәйкес тіркелген серіктестік немесе корпорация; немесе траст, егер: 1) ол Құрама Штаттардың соттарына жататын 2) АҚШ Тұлғаларының біреуі немесе астамы бұл трастың барлық негізгі шешімдерін немесе АҚШ Салық Кодексімен көзделген корпорацияларды қоспағанда, ол Құрама Штаттың азаматы немесе резиденті болып табылған, қайтыс болған тұлғаның мүлкін бақылауға өкілеттітері бар.